



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

---

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

---

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

**ЕУРАЗИЯЛЫҚ КЕҢІСТІКТЕГІ МАҢҒЫСТАУ  
ӨҢІРІНІҢ КИЕЛІ ЖЕРЛЕРІ.**

**Жанибекова Нүрсәуле**

[zhumaxan.zakirov@inbox.ru](mailto:zhumaxan.zakirov@inbox.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 1 курс студенті, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі-Б.Оросхан

Ұлаң - байтақ Ұлы Қазақ даласының қай пұшпағы да киелі, қасиетті. Оның мыңдаған жылдық арғы елес тарихын археологиялық қазындылар, бергі дәуірлердің қыр-сырын бүгінге жеткен сәулет ескерткіштері мен түрлі тілде хатқа түскен жазба жәдігерлері деректерімен айқындауға болады. Осылайша тек әулиелі, көне Маңғыстау тарихы ғана емес, Қазақстанның кез келген өлкесінің өткеніне жаңаша үңілуге жол ашады. Маңғыстау тақырыбына қатысты тарихы да, жалпы танымдық та зерттеулер мен жарияланымдар баршылық. Маңғыстау облысы 1973 жылы 20 наурызда құрылды. 1988 жылы 2 маусымда таратылып, 1990 жылдың 17 тамызында тарихи «Маңғыстау» деген атпен қайта облыс болып құрылды. Орталығы – Ақтау қаласы. Маңғыстау өңірі - Қазақстанның оңтүстік-батысында орналасқан. Облыстың батысы мен солтүстігін қоршай орналасқан Каспий теңізі арқылы Шығыс Еуропаға шығуға толықтай мүмкіндік болса, оңтүстігінде Түркменстан, солтүстігінде Атыраумен шектеседі. Маңғыстауым – тұнып тұрған тарихым,

Ашық аспан астындағы мұражай, - демекші, кең байтақ қазақ даласында осы бір қасиетті өлкенің тарихы ерекше. Тарихының тамыры тереңге тартқан Маңғыстау жері талайларды тамсандырған. Табиғаты таңғажайып, тау-тасы түртіп қалсаң сөйлеп кеткелі тұрған ғажап өлке.

«Маңғыстау-362 әулиенің мекені» - бір кездері әлдебір дана кісінің аузынан шыққан осы бір сөз тіркесін білмейтін адай жоқ, осы сөзді өткен заманның ақыны да, батыры да, бүгінгі күннің сөз жазарлары мен айтарлы реті келіп тұрса қайталаудан әсте жалықпаған. Бұл сөздер-Маңғыстаудың ең басты бейнесі болып табылады.

Расында да, бұл жерде әлдебір тарихи немесе мифтік әулие, ислам дінінің уағызшысының есімімен байланыстырылған жерлер мен молалар саны өте көп. Маңғыстаудың киелілігі адам білмес уақыт тұңғышына кететін де шығар, оны түсіндіру тек жалаң тұспалдармен ғана айналысуға келіп тіреледі, ал қисыны бар, түсіндіруге болатын киелі тарих 14 ғасырдан басталады. Әрине, одан да көне әулиелер болған, бірақ бүгінде, жадымызда бар жалпылама бейненің нақты сол ғасырда қалыптасқанлығын сенімді түрде айтуға болады.

Маңғыстау жері – бұл ежелгі өркениет елі, 11 мың тарихи ескерткіш мемлекеттің қорғауына алынған археологиялық қорық, ашық аспан астындағы мұражай, мыңдаған тасқа салынған сурет-дастандардың елі. Ерекше діни ғимараттар мен Бекет-Ата, Шақпақ-Ата, Шопан-Ата, Масат-Ата мешіттерінің өлкесі, оларға тек Қазақстаннан ғана емес, сондай-ақ Түрікменстаннан, Өзбекстаннан, Ресей мен Кавказдан, Иран мен Түркиядан сиынушылар үздіксіз ағылуда.

Мыңдаған жылдар бұрын Маңғыстау жерімен Хорезм мен Хиуадан Еуропаға және Таяу Шығысқа созылған Ұлы жібек жолы өтті. Бұл жолдың бойымен Үстірт қыратында бекіністер, керуен-сарайлар, қолөнершілердің, малшылардың және аңшылардың қоныстары орналасқан. Табылған археологиялық заттар бұл бекіністер мен қоныстарда өмір деңгейінің айтарлықтай жоғары дәрежеде болғандығын дәлелдеп отыр. Халықтардың ұлы қоныс аударуы және осымен байланысты сансыз соғыстар Үстірт арқылы өтетін Жібек жолын үзіп тастады, ал кейінгі жүзжылдықтарда болған жойқын монғол шапқыншылығы оларды жер бетінен біржола жойып жіберді. Маңғыстау көп ғасырларға ойкуменаның ең шегіне қарай ығыстырылды және еуразиялық қатынастар үшін шешуші маңызға ие болуын тоқтатты. Оның үстімен құрғақ жел

соғып өтіп, күн күйдіріп, түбекті мекендеген көшпелілердің өмірін тіршілік үшін тоқтаусыз арпалысқа айналдырды.

Маңғыстау жері – бұл ежелгі өркениет елі, 11 мың тарихи ескерткіш мемлекеттің қорғауына алынған археологиялық қорық, ашық аспан астындағы мұражай, мыңдаған тасқа салынған сурет-дастандардың елі. Ерекше діни ғимараттар мен Бекет-Ата, Шақпақ-Ата, Шопан-Ата, Масат-Ата мешіттерінің өлкесі, оларға тек Қазақстаннан ғана емес, сондай-ақ Түрікменстаннан, Өзбекстаннан, Ресей мен Кавказдан, Иран мен Түркиядан сиынушылар үздіксіз ағылуда.

Дегенмен, өлкенің өткенін жинастыру, әсемдігін көре білу, туған жердің қайталанбас табиғат туындылары мен ескерткіштерін жөндеу, ақыр аяғы Маңғыстау энциклопедиясы жасау – қазіргі басты міндетке айналып отыр.

Ел аузында Маңғыстаудың бойында 362 әулие барлығы айтылады, әрі барлығы да тірлікте болған, олар өз еліне, халқына қалтқысыз қызмет еткен делінеді. Әр әулиенің өзіне тін қайталанбас қасиет ерекшеліктері болғаны елге аян. Әрқайсысының киесі мен шапағыта ыда әр алуан түрлі болған. Бірі адам тамырын ұстау арқылы көріп – танып отырғандай, баян етіп берсе, бірі қырық бір құмалақты ашып, сол арқылы айқын болжамдар жасаған. Ал, кейбірі кісінің бет-жүзіне қарап отырып-ақ, келген шаруасы мен ниет-пиғылын ашып беріп отырған. Олардың арасында түс көру, оны жору арқылы көріпкел, болжампаздар болған. Олар жайында халық арасында, көптеген қызықты әңгімелер сақталып қалған. Әр жердің тұрғылықты халқына ежелден таныс ескерткіш-белгілері бар. Соның ішінде, біздің киелі Маңғыстау өңірінде ескерткіш-белгі – «киелі орындар» көптеп кездеседі. Қазір солардың біразына тоқталып өтуді жөн көрдім. Оларды туралы көп адамдар естімеген және біле бермейді.

Соның ішінде **Сұлтанепе** – ел аузында сақталған деректер дәйегіне қарағанда, Құл-Сүлейменнің немересі. Су апатына тап болғандарың қорғаны ретінде елге белгілі болған. Кезінде адамдар, «Сұлтанепе, сақтай көр, пенденді су апатынан» деп сиынады екен. Сұлтанепенің сүйегі Каспий теңізіне жақын Ащымұрын және Ойра аралығында жерленген.

Көп ел біле бермейтін бізде, **Сабынды әулие** деген қасиетті қорым бар. **Сабынды әулие** – Маңғыстау ауданының Ақтөбе ауылдық кеңесіне қарасты, Қарабарақтының оңтүстік жағында орналасқан ескілікті қорым. Топырағы кәдімгі сабын сияқты көпіршиді, кір ашады. Бұл табиғи қасиеті әлі күнге дейін сақталып келеді. Жергілікті тұрғындар осы қорымның топырағының қасиетіне қарай оны «Сабынды әулие» деп атаған. Ал ескі қорымға келіп түнеушілердің қатары қай кезде де аз болмаған.

**Саназар әулие** – қазіргі Форт-Шевченко қаласынан 35 км қашықтықтағы киелі орын. Саназар Адайдың Тобыш, оның ішінде Жаңайдың малын бағады. Бай, Саназардың бойындағы қасиетін аңғарады да, оған арнайы еншісін беріп, өз алдына отау көтереді. Сөйтіп, өзімен тең дәрежеде ұстайды. Біреуден түңіліп, ренжісе, жаны күйіп қарғаса айтқаны мүлт кетпейді екен. Саназар әулие 18ғ-дың 2 жартысында өмір сүрген қасиет иесі, киесі мол адам болған. Кейін Саназар әулие бейітінің тұсынан зиярат етпей, бұрылмай өткен адамның ойлағаны орындалмай, жолы болмайды. Қазіргі таңда осы әулиенің ұрпақтары Маңғыстау облысының әр шалғайында кездеседі.

**Тұрыш ата (1832-1928)** – Адай руының Балықшысыннан туған көріпкел, емсек кісі. Хиуа медресесінде оқып білім алғаннан кейін туған жеріне Сам құмына келіп, мешіп салып, бала оқытқан. Ишан атағымен танымал болған. Ол дем салып, сонымен бірге, жылан мен қарақұрт шаққанда уын қайыру тәсілін білген.

**Айназар әулие (1790-1870жж)** – Форт-Шевченко қаласынан 8км-дей қашықтықтағы Шүйді сайының басталар тұсындағы ескі үлкен қорым екен. Айназар әулие тарихта болған адам, оның ұрпақтары қазірде Маңғыстау мен Қарақия аудандарында тұрады. Айназар асқан көреген, айтулы аңшы, қасиет-қабілеті таңғажайып, небір аңыздарға желі болған адам деседі. Аңыз бойынша Айназар отырықшы ел тыныштығын бұзған айдаһарды атып, құлатқан. Ел ішінде

ұстатпйтын, саудырмайтын ешкілерге «Адайдың Айназар әулиесіне жолыққыр» деген қарғыс сақталған. Көпшейіт – Қазіргі «Ақшымырау» кеңшарының Сарғат деген жеріндегі шамамен 13ғ-да бой көтерген ескілікті қорым. Негізнен перзент көрмеген әйел адамдар түнейтін киелі орын деседі.

**Қаңғырқаз әулие** – Шайырдың батыс ағындағы киелі орын, ескілікті қорым.Маңында кара тастан қаланған медресе,әлде мешітке ұқсас бір құрылыс орыны сақталған.Аңыз бойынша жаугершілік заманда жаулары осында бала оқытып отырған молданы 40 шәкіртімен қса өлтірген.Солардың қатарынан Қаңғырқаз есімді шәкірт өзгелерден оқшау барып жан тапсырған көрінеді.Сол жерге өзгелерден бөлектеу жерленген шәкірт қабірінен тамыр тартқан қос бәйтерек өсіп шығады.Бірақ осы қос бәйтерек Бекет-Ата дүние салған күні бір сәтте жапырақтарынан айырылып,тамырымен қопарыла құлайды.Осымен байланысты жергілікті тұрғындар Бекет-Ата Қаңғырқаздың аян-пірі болыпты деседі. Сырқаттанған жандар қорымға келіп түнейді,мінәжат етеді.

**Бала әулие** – Шайырдағы Қырықкез қорымының оңтүстік жағынан 5 км-дей қашықтықта орналасқан киелі орын. Аңыз бойынша Қырықкез қырғыны тұсында шабылған басын көйлегінің етегіне орай сала жүгірген баланың келіп,жеткен жері екен делінеді.Бала жүрегі жеті күн бойына соғып жатыпты. Жұртшылық сол баланың денесін жатқан жеріне арулап жерлейді.Кейін бейіт басынан от шығып, ерекше қасиет белгісін таныта бастайды. Жергілікті тұрғындар Бала әулие деп атап,кейін түнеп,мінәжат ететін орынға айналдырады.

**Асау қорымы** – Кіші жүз батыры Асаудың есіміне байланысты аталған. Қорымда 200-ге тарта ескерткіш,оның ішінде күмбезді там,сағана,қойтас,құлпытастар бар. Сонымен қатар сәулет ескерткіштерінің тағы бір түрі сандықтас та кездеседі сандықтастарының салыну дәрежесі де өзгеше. Мұнда елге танымал Барақ батыр мен Асау батыр жерлеген. Асау қорымы Тұрыш ауылының 13-км дей қашықтықта.

Жер асты ғимараттары. Маңғыстау мен Үстірт тарихи ескерткіштерінің үлкен бір тобын жер асты ғимараттары құрайды. Олар негізінен өлкенің таулы өңірлерінде шоғырланған. Жер асты ғимараттарының ең ежелгі үлгісі Сарытас шығанағына таяу сай бойындағы Шақпақ-Ата мешіті болып саналады. Мешіттің шығыс жағындағы кіре берісі үш бұрышты арка кескінді. Арканың сыртқы босағасының екі жағын тастан қашалған қабірханалар алып жатыр. Есіктен кіргеннен кейін үлкен зал,оның едені шыға беріс есікке қарай еңкейіңкі.Төрт бұрышта қабырғадан жартылай қашалған төрт ұстын бар.Мешіт ішінің ішкі қабырғаларында араб әрпімен жазылған кісі аттары,құран сүрелері,сопылық өлендер,аттың,өгіздің нобайы бейнеленген.

**Шопан –Ата жер асты мешіті** Оңтүстік Маңғыстау өңірінде,бағзы Хорезм керуен жолының бойында. Солтүстік шығысқа қараған сай тұйығынан қашалған үлкен бөлме. Оң жағында тағы бір шағын бөлме,оның едені биік. Аңыз бойынша оған Шопан-Атаның қызы жерленген.Мешіт үсті тастақты жүлге.Жүлге бойынан суағарлар жасалып,олардың тоғысқан жерінен сыйымдылығы 10-15 текше метрлік су қоймалары қазылған. Олар кезінде мешіт тұрғындарын бүкіл жыл бойы сумен қамтамасыз етіп тұрған. Мешіттің төменгі жағында құдық бар. Кіре берістің сол жақ қапталында жар бетінен төрт шарша етіп қашалған бөлмелер орналасқан. Олардың алдында тұт ағашы егілген. Мешіт қабырғаларында айшықты нақыштар жоқ. Ел аңызы мешіттің салыну кезеңін Оғыз тайпаларының Маңғыстауға келе бастаған мерзіміне меңзейді.

**Қараман-Ата ескеркіші** Маңғыстаудың орталық бөлгінде,ол үшін бөлмеден тұрады. Кіре беріс бөлме,оған жалғас намаз оқитын зал. Онда төбені тіреп тұрған ұстындар бар. Төбе сол жердің бетін алып жатқан ұлутастан тұрады. Аңыз бойынша Қараман-Ата Шопан-Ата әулиенің інісі екен делінеді.Екі мешітті жалғастыратын жер асты жолы болған,бірақ ол уақыт өте құлап қалған.

Маңғыстаудың енді бір жер асты мешіттері **Бекет әулие (1750-1813)** есімімен байланысты. Соның бірі Бейнеуде диаметрі 4,5 м төбені үңгіп,киіз үй түрінде жасаған ескеркіш.

Үйдің батыс жағында михраб, солтүстік бетінде шағын дәліз үшінші бөлмеге апарады. Ескерткіш қабырғаларында ою-өрнектер салынбаған. Бекет-Атаның Бейнеудегі мешітіне 1825 жылғы 1 Үстірт экспедицияның құрамында Э.А. Эверсман, А.О. Дюгель сияқты ғалымдар келіп ескерткіштің суретін салып қалдырған.

Бекет-Атаның бұдан басқа Жем өзенінің бойында, Арал теңізінің жағасында, Оңтүстік Үстіртте де жер асты мешіттері болған. Ел аңызы Бозашыдағы Тасым ойындағы шағын мешітті де Бекет атаның есімімен байланыстырады. Оңтүстік Үстірттегі Оғыланды тауының үлкен төбесінен қашалып жасалған жер асты мешіті көлемі, жасалу техникасы жағынан күрделі құрылыс. Ескерткіш кіре беріс дәлізден, дұға оқитын залдан, тұрғын бөлмеден, қабірханадан тұраы. Бекет –Ата мен оның бірнеше ұрпақтары осындағы қабірханада жерленген.

**Шақпақ-ата** -Форт-Шевченкодан солтүстік-шығысына қарай 20-дан астам шақырым жерде, Түб-Қараған түбегінде орналасқан Шақпақ-Ата мешіті Батыс Қазақстандағы сәулетшіліктің ең көне ескерткіші болып табылады. Мешіт жоспарының пішіні, сондай-ақ басқа да сәулет детальдары ғимараттың IX-X ғасырға жататынын дәлелдейді. Мешіт жер жүзінің жақтарына қатаң бағытталған, әк тас жартасында шабылған және төрт камерадан тұрады. Сөйтіп, капителі бар төрт бағанасымен креш-күмбезді шіркеудің (храмның) өзіндік нұсқасы болып табылады. Құрылыстың күмбезі киіз үйдің құрылысына ұқсайды, ал ортасында доңгелек терезе шабылған. Жер астындағы мешіттің порталды және ішкі қабырғаларында көптеген жазулар, жануарлар суреті мен нышанды белгілер бар.

Жартастан қашап салынған Шақпақ Ата мешітінің құрылысын зерттеген ғалымдар Алан Медоев IX-X ғасырларға, ал Серік Әжіғали XII-XIII ғасырлардағы сәулет өнері ескерткішіне жатқызады. Шақпақ-Ата мешітінен көшпенділердің тас-қалаушылық өнерін көруге болады. Мешіттің орталық күмбезі бөлмені басып өтетін ұзын тұзара, оның екі қапталында қоржын үй орналасқан. Орталық намаз оқитын 5,0x4,5 метр бөлме залының төрт бұрышынан жұмыр бағаналар қашалып, олардың арасы сәнді дарбазамен байланыстырылған. Залдың төбесінен күмбез ойылып, одан цилиндр тәрізді биіктігі 1,55 метр ойынды шығарылған. Ойынды сырттағы шаршы жобадағы павильонмен жалғасады. Павильон орталық бөлмеге жарық түсіріп тұрған ойындыны жауын-шашыннан қорғаумен қатар, бақылау мұнарасы қызметін де атқарған. Қос қапталындағы бөлмелердің солтүстік жағындағысы жолаушылар аялдайтын ханака (сәкісі бар) болуы ықтимал. Ал оңтүстік жағындағы төрگی қабырғасында михраб, оның жағынан екі бөлме ойылған. Шақпақ Ата мешітінің қабырғаларында арнайы жасалған өрнек белгілері байқалмайды, тек әр жерінде тайыз қашалған қуыстар бар. Негізгі әшекей-өрнек бас кіре берістің тақтасы мен босаға қабырғаларын нақыштауға жұмсалған. Залдың босаға қабырғалары әр ғасырдағы суреттермен көркемделген, ол жерден жануарлардың, қару-жарактың, салт-атты адамдардың, ағаш және гүлдердің бейнесін, жазуларды, тағы басқаларды көруге болады. Осы қорымда Шақпақ Ата мешітінен басқа X-XIX ғасырлар аралығында іргесі қаланған сағанатам, құлпытас, сағана-қойтас сияқты көптеген діни ескерткіштер сақталған.

**Қарағашты әулие**- Борлы деп аталатын жерде «Қарағашты әулие» деп аталатын жасыл зират бар. Тарихшылар бұл атау осы жерде молынан өскен қарағаштың атына байланысты болуы мүмкін деген болжам жасауда. Шынымен де, таң қаларлық жағдай, тегіс мидай жазық дала, аласа шөптер, кенет, шөл даладағы сағымдай болып, айналасында қалың өскен қарағаштары бар бейіт тұр. Бұл қорымның көлемі шағын болғанмен Маңғыстау мемлекеттік тарихи-мәдени қорығының қызметкерлері мұнда 179 ескі бейіттердің бар екенін анықтаған. Ескерткіштердің датасы негізінен XIX-XX ғасырларды қамтиды. Барлық ескерткіштер жергілікті ұлутастан тұрғызылған және олар алуан түрлі.

Мұрат Әуезов бір сөзінде «бұл ескерткіштерді алуан түрде қыла отырып ш еберлер Маңғыстау даласының біркелкі болуына өзгерістер енгізуге тырысқан»- деген болатын. Солай болғаны анық, бірде-бір өрнек қайталанбаған. Тіпті құлпытастардағы жиі кездесетін балта, қылыш және мылтықтың бейнелері де әр жерде әркелкі. Тас қашаушылардың өнері, тас

мүсіндердің табиғатпен үйлесімі таңқалдырады. Көптеген сағанатамдардың ішінде бұталар қаулап өсіп тұр, тас қоршауларды жарып, сыртқа шығып өсуде. Бұл жерленгендердің тіршіліктегі игі істеріне берілген Жаратқанның разылығы, шарапаты болар, мүмкін. Бүгінгі күні құрғақшылыққа төзімді қарағаш шөл дала төсінде көк - жасыл болып жайқалып, еркін өсуде.

Қарағашты әулие қорымы өзіндік жерлеу-ғибадат сәулетімен ерекшеленеді. Бұл қорымда көзге ерекше түсетін жартылай қираған, кірпішсіз, саз балшықтан қаланған «Руы Қыдырша Нияз» деген жазуы бар сағанатам. Ынтық өлкетанушы Сұлтанбек Құдайберген бұл Қыдырша руының рулық қорымы деп түсіндірді бізге. Өзі де осы рудың баласы Сұлтанбек бізге сол жолы осында жерленген белгілі адамдар болған. Көненің көзі қариялардың айтуына қарағанда, Маңғыстаудағы кейбір Тамшалы, Меретсай, Султан-епа сияқты тамаша жерлер бір кездері осы Нияз бен басқа да бай адамдардың иелігінде болған көрінеді.

Халық арасындағы аңыз-әңгімеге сүйенсек, Қыдырша Текей ақсақал Наурызда жер бетіне игілік дарытатын Қыдыр атаны өз көзімен көрген десе, ал енді біреулері Текейдің әйелі Ақтайлақ ана Қыдыр атаның қызы болған дейді. Жақсы, бұл енді аңыз болсын делік, бірақ Қыдырша әулеті – аты шыққан әулет. Ниязға жақын маңда оның немересі Есіркеп жерленген. Ол 1877 жылы Хиуа жорығына жәрдемдескені үшін «алтын» медальмен марапатталған екен. Ал 1891 жылы ол Мәскеуде өткізілген Орта Азия көрмесінің қатысушысы болған. Қарағашты әулие зиратында өзгелерден ерекше формада тұрғызылған, тастан жасалған әтештің айдарымен көркемделген сағанатам бар. Сағанатамның төрт жағында үшкір тәрізді тастан қаланған төрт құлақты тамдар бар. Оның мәні жорамалдап айтқанда, тіршілікте адамның екі құлағы болады, ал өлген соң оған өлілерді де, тірілерді де есту үшін төрт құлақ қажет деген түсініктен шыққан болуы керек. Бұл зират аймақтың сәулет өнері дәстүрлері мен қолөнерінің даму процесін анықтайтын сирек кездесетін кешен.

**Үштам қорымы**-діни құрылыс кешені; Үстірттің батыс сілеміндегі көрікті Оғландыда тұрғызылған Бекет ата кешендерінің солтүстік-шығыс жағына қарай орналасқан бейіттер тобы. Оның Үштам қорымы аталуы осы қорымдағы ерекше көзге түсетін күмбезді, тақта тастан тұрғызылған үш кесенеге (Үшшоңқол) байланысты шыққан. Үштам қорымындағы кесенелер 19 ғасырдың аяғы мен 20 асырдың басында тақта тастардан қашалып жасалған ескерткіштер тобын құрайды. Әсіресе, 19 ғасырдың соңына қарай бой көтерген қорымдағы кесене архитектуралық композиция сәулетімен ерекшеленеді. Оның қабырғаларын қызғылт түсті күмдауыт тақташаларды бір-бірімен тығыз жымдастыра қалап шығарған. Әр қабырғасына жоғары жағындағы маңдайшасы иілмелі етіп жасалған үлкен, жалған еңселі есік іспетті және екі жағынан да осыған ұқсас етіп, кішігірім сүйірленіп бітетін ойықтар түсірілген. Бұл кесененің оңт. жағындағы алдыңғы беті ажарын аша түсіп, өзінің сәулеттілігімен көз тартады. Жалпы кесененің архит. жоспары төртбұрышты етіп жасалған. Алдыңғы жағы биік, ал артқы екі қабырғасы үшкір пошымды, одан жоғары орналасқан дөңгелек тақтаның үстіңгі қабаты жартылай шар іспетті күмбезделіп, ұшы дулыға тәрізді үш бунақты сүйірленіп бітетін кесене 19 ғасырдың 70-жылдары Батыс Қазақстанда дінгегі барабансыз салынған көптеген бейіттер тобы құрылысын (мысалы, Сисем ата қорымындағы Ерғали кесенесі, т.б.) еске түсіреді. Үштам қорымындағы бұдан басқа екі кесене өзінің сәулеттілігі жағынан қарапайым әрі дәстүрлі түрде шешім тапқан. Дегенмен, оның тастан қашалып салынған шағын түрі, сондай-ақ оған таяу орналасқан сандықтас пен үстіңгі қабатына орнатылған қобдиша түріндегі “қойтас” бейнесі де өзіндік ерекшелігі бар көз тартарлық сәулет өнерінің жәдігері саналады.

Қарағашты әулие, Үштам, Ақшора-Белторан, Кенті баба – бұл зираттар ежелгі Хиуа жолында орналасқан. Шығыстан Еуропаға жол тартқан ұзын керуен жолы осы зираттар маңынан өтеді екен. Бұл зираттар сол кездегі адамдар тұрағының, керуен жолдарының іздері. Сол дәуірдегі қайнаған өмірдің іздері. Адамдар ғұмыр кешіп, уақыты жеткенде өмірмен қоштасқан.

Қорытындылай келе, қасиетті де киелі Маңғыстау өлкесі қазақ елі үшін өзгеше әрі қымбат аймақ. Ол өзінің табиғи қазба байлық ресурстары, географиялық орналасуы, өндірістік-өнеркәсіптік өсімділігі, теңіз сауда жолы, тереңнен сыр шертер тарихы, сонымен қатар Маңғыстауға ғана тән дәстүрлік өнерімен де ерекшеленетін мекен. Бұл жерде сонау арқылы замандардан адамдардың тыныс-тіршілігі үзілмей жалғасын тауып отырған. Әбіш Кекілбаев айтқандай бұл жерде «Ұлы Тұранның теріскейі мен күнгейінің, бастысы мен шығысының ежелгі, кешегі, ертеңгі кескіндері түгел қылаң береді.....»

Әрине, Маңғыстау дүниесінің төрт бұрышына өз қойнауынан шығып жатқан «қара алтынымен» атағы шыққан өлке. Ғалымдардың ұзақ жылғы ізденісі, барлаушылар мен мұнайшылардың аязды күндер мен аңызық ұрған аптаппен арпалыса монау 1961 жылы Жетібай жерінен алғашқы мұнай бұрқағы атқылаған еді.

Содан бері бұл өлке еліміздің негізгі экономикалық аймағы болып келеді. Маңғыстаудың ойы мен Үстірт үсті тек мұнай мен газға ғана емес, басқа да байлықтарға толы.

Бұл өлкеде сондай-ақ еліміздегі ежелгі сәулет ескерткіштерінің ең үздік туындылары сақталған. Сыры кетсе де сыны кетпеген, көрерге көз керек тастан түйген Маңғыстау шеберлерінің қолынан шыққан туындылар қаншама. Бекет ата, Шопан ата, Сисем ата, Сұлтан епе, Масат ата жер асты мешіттері, Сисем ата, Сағындық, Омар-Тұр сияқты тағы да бірнеше ондаған сәулет өнерінің үздік туындыларын сақтау, қалпына келтіру, кейбіреулерін ЮНЕСКО есебіне және осындай тарихи орындарды туристік нысандарға енгізу сияқты жұмыстар қолға алынуда.

Күн тәртібінен түспей келе жатқан, үнемі көңіл бөлініп отыратын ерекше саланың бірі – мәдениет. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Мәдени мұра» бағдарламасы жобасында облыс көлемінде көптеген жұмыстар жасалды. Тарихты жасаушы да, жанартушы да адамдар. Қай кезеңде өмір сүрсе де, оларды ұмытпай кейінгі ұрпақ санасына дарыту біздің негізгі міндетіміз.

Егер сіз жолыңыз түсіп осы бір қасиетті мекенге табан тіресеңіз жұмбағы көп, айтар сыры мол ғажайыпқа тап боласыз. Өйткені Маңғыстаудың жаңасы көзіңді қуантып, үн-түнсіз мүлгіп тұрған ескерткіштер тілін тапсаң күмбірлей баяндап тарих қатпарларына жетелейді. Мұнда бағзы заман мен бүгінгінің ажырамас байланысын сезесіз. Маңғыстауға келген адам бұл өлкемен қалай сабақтасып, тамырласып кеткенін байқамай да қалады. Қашан да қолтығыңнан демеп жүрер әулиелі өлке ақ ниетімен келгендерді жатсынбай бауырына тартады. «Маңғыстау-құт дарыған өлке»-, деп бекер айтпайды.

«...Маңғыстау тұрғындарына көп адамдар өмірінде тым құрығанда бір рет болып көруді армандайтын жерде тұру бақыты бұйырған. Осы бір қасиетті жерде көптеген әйгілі адамдар, әулиелер жаны тыныштық тапқан. Лайым олардың рухы Сіздерді қоршап-қорғап жүрсін. Сіздерді қолдап жүрсін, бақытты өмір жолына бағдар берсін...» Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени ескерткіштерінің жинағы “Маңғыстау облысы” -Өскемен:2012жыл 600 бет.
2. “Маңғыстау-нама”-Алматы:2006жыл 444бет
3. “Маңғыстау энциклопедиясы”-Алматы:2008жыл
4. “Маңғыстау - ашық аспан астындағы мұражай”-Ақтау:2010 жыл
5. “Маңғыстау мирасы” – Алматы:2005жыл